

«Әл-Фараби 2025» халықаралық олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 11-сынып оқушылары үшін «Әл-Фараби» халықаралық олимпиадасын (бұдан әрі – олимпиада) ұйымдастыру және өткізу тәртібін, оның ұйымдастырушылық, әдістемелік қамтамасыз етілуін, олимпиадаға қатысу тәртібін және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді таңдауды анықтайды.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері – Қазақстан Республикасы мен Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (бұдан әрі – ТМД) елдерінің, сондай-ақ жақын және алыс шетелдердің білім беру ұйымдарының 11-сыныптағы дарынды оқушыларын анықтау, дамыту және қолдау.

3. Олимпиаданы ҚР Оқу-ағарту министрлігі және «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) қолдауымен «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – ҚазҰУ) өткізеді.

4. Олимпиада келесі пәндер бойынша өткізіледі: математика, физика, химия, биология, география, информатика, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі, құқық негіздері.

5. Олимпиаданың ресми сайты: <https://farabi.university/>

2. Олимпиаданың жұмыс органдары

6. Олимпиаданы дайындау және өткізу жөніндегі қызметті үйлестіру және жүзеге асыру үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – ұйымдастыру комитеті) құрылады.

7. Ұйымдастыру комитеті:

- олимпиададағы жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- олимпиаданың қазылар алқасының құрамы мен мүшелерінің саны бойынша ұсыныстар енгізеді;
- олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді;
- олимпиаданың регламентін әзірлейді (кезеңдер саны, айналымдар, әр турдың тапсырмаларын орындау уақыты);
- олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізу нысанын анықтайды;
- олимпиада қорытындыларын талдайды және қорытындылайды;
- жеңімпаздардың тізімін және олимпиаданы өткізу қорытындысы бойынша хаттаманы бекітеді.

8. Тест тапсырмаларын әзірлеушілер:

- олимпиада пәндері бойынша тапсырмалардың мазмұнын, оқушы жұмысын бағалау критерийлерін әзірлейді;

- ғылыми-әдістемелік деңгейге, ұсынылатын тапсырмалардың дұрыстығына, олардың олимпиаданың белгілі бір кезеңінің талаптарына сәйкестігіне жауапты болады;
- олимпиада өткізілгенге дейін тапсырмалардың кұпиялылығын қамтамасыз етеді.

3. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

9. Олимпиадаға Қазақстан Республикасының және ТМД елдерінің, жақын және алыс шетелдердің білім беру ұйымдарының 11-сынып оқушылары ерікті түрде қатысады.

10. Олимпиада үш кезеңде өткізіледі:

- бірінші және екінші кезеңдер – іріктеу, қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, онлайн режимінде өткізіледі;
- үшінші кезең – қорытынды, офлайн/онлайн режимінде өткізіледі.

Онлайн формат ТМД елдерінен, сондай-ақ жақын және алыс шетелдерден қатысатын білім беру ұйымдарының түлектері мен тиісті растаушы құжаттары бар I және II топтағы мүгедек қатысушылар, сондай-ақ әлеуметтік жағдайы төмен толық емес көпбалалы отбасылардан шыққан оқушылар үшін қарастырылған.

11. Іріктеу кезеңіне қатысуға www.online-test.kaznu.kz сайтында қатысушы ретінде тіркелген тұлғалар жіберіледі.

12. Қатысушылар олимпиадаға тек бір пән бойынша қатысуға құқылы.

13. Алдыңғы кезеңнің ең көп балл санының кемінде 75 пайызын жинаған қатысушылар олимпиаданың келесі 2-3 кезеңдеріне өтеді.

14. Олимпиада кезеңдерін қорытындылау қатысушылардың жеке көрсеткіштерінің нәтижелері осы Ереженің 21-тармағына сәйкес жүргізіледі.

15. Апелляция олимпиаданың үшінші кезеңінде қарастырылады.

16. Олимпиаданы өткізу тәртібі:

- Әрбір қатысушы <http://online-test.kaznu.kz> сайтында тіркелуі қажет (мәліметтер қатаң түрде кириллицада толтырылады, латын әрпімен толтырылған мәліметтер қарастырылмайды);

- қатысушы пәнді таңдайды және олимпиадаға қатысады, тест сұрақтарына жауап береді (қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша 35 минут ішінде және жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша 50 минут ішінде қолжетімді болады);

- қатысушы тестілеуден бір рет өтеді;

- уақыт есебі әрбір қатысушы үшін тестілеу жүйесіне кірген сәттен бастап жеке жүргізіледі.

4. Қорытынды ереже

17. Олимпиадаға еліміздің имиджін насихаттау мақсатында ТМД елдерінен, сондай-ақ жақын және алыс шетелдерден білім беру ұйымдарының түлектері қатысады.

18. Олимпиаданың үшінші кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері ҚР Оқу-ағарту министрлігінің I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Дипломдардың ағымдағы жылға күші бар.

Олимпиаданың үшінші кезеңінің барлық қатысушыларына қатысу сертификаттары беріледі.

19. Оқу-ағарту министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталған жеңімпаздардың білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамалық актілерге сәйкес, басым құқығы бар, сондай-ақ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бүкіл оқу кезеңіне 100 пайыз жеңілдік беріледі. ТМД елдерінен, сондай-ақ жақын және алыс шетелдерден келген білім беру ұйымдарының түлектері үшін университетке түсу емтихандарынсыз барлық оқу кезеңіне 100 пайыз жеңілдікпен түсуге құқық беріледі.

20. Олимпиаданың қорытынды кезеңінде I, II және III дәрежелі дипломдардың саны мынадай пропорцияларға сүйене отырып айқындалады: жеңімпаздар санының 50 пайызы III дәрежелі дипломдармен, 30 пайызы II дәрежелі дипломдармен, 20 пайызы I дәрежелі дипломдармен марапатталады.

21. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері үшінші кезеңнің қорытындысы бойынша 50 пайыздан кем емес балл жинаған қатысушылар болып табылады. 100 балдық бағалау жүйесі бойынша үшінші кезеңнің нәтижелері келесі ұпай шкаласымен анықталады.

50-79 балл – III орын

80-94 балл – II орын

95-100 балл – I орын

22. Егер бірнеше қатысушы жүлделі орындарды анықтау үшін қажетті төменгі деңгейге сәйкес келетін бірдей балл санын жинаған жағдайда қазылар алқасының шешімі бойынша жүлдегерлер саны көбейтілуі мүмкін.